

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарын күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 707 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Техникалық қадағалау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау жасау, жөндеу және пайдалану ережесі мен Кемелерге орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау туралы ережесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4497 тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 334 бұйрығы;

2) «Техникалық қадағалау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау жасау, жөндеу және пайдалану ережесі мен Кемелерге орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау туралы ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 334 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5346 тіркелген). Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008 жылғы 22 қыркүйекте № 441 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль және су көлігі департаменті (Б. Жансүгіров) бір апта мерзімінде осы бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*М и н и с т р д і н*

*міндетін атқарушы*

*А.Бектұров*